

**Тарихтағы  
айрықша  
ғажайып  
Тұлға**

Эммаустың кітаптары



## Оқырмандарға /студенттерге арналған ақыл-кеңес

### Оқуды бастамас бұрын

Қай кезде болмасын жер бетінде өмір сүрген адамдар арасындағы ең ұлы Адам кім? Сол жекетұлға - Иса Мәсіх. Сіз Ол туралы мүмкін естіген не естімеген шығарсыз, берілген сабақтар сіздің Онымен танысуыңызға көмектеседі. Киелі жазбадан сіз Оның шын мәнісінде Кім болғанын және Оны қалай танып біле алатыныңызды оқып үйренесіз / біліп аласыз.

### Оқуды қалай бастаған жөн

Алдымен оқитын орныңызды анықтап алыңыз, сол жерде сізді ешкім мазаламайтын болсын. Оқуға кіріспес бұрын Құдайға мінажат етіңіз. Құдайдан Жазбадан оқитыныңызды түсініп-ұғынуға көмектесуін сұраңыз. Мүмкін сіз дұғаңызда Дәуіттің: **«Рухани көзімді аша гөр менің, Тәліміңнен кереметтер көрейін»** (Забур 118:18) деген сөздерін қолданарсыз.

Жазбадағы әрбір тарау мен әрбір аятты мұқият оқыңыз. Дұрыс аятты тауып алғаныңызға көзіңізді жеткізіңіз. Мысалы, Жохан 1:1 аят пен Жохан. 1-хаты 1:1 аятты шатастырып алмаңыз.

Сұрақтарға өз сөзіңізбен жауап беріңіз. Жауабыңызда тұтас сөйлемді немесе оның бөлігін қолдануыңызға болады. Егер сұраққа «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап беруге болса, әрдайым жауабыңызға түсіндірме беріңіз. Мысалы, былайша жазыңыз: «Иә, себебі...». Егер сөздігіңіз болса, түсініксіз сөздердің мағынасын қарап алу үшін оны әрдайым көзіңізден таса қылмаңыз.

## **Тексеру жұмыстары**

Осы дәптердің соңғы жағында әрбір сабаққа берілген сұрақтар бар. Бірінші сабақты оқып бітіргеннен кейін сол сабақтың сұрақтарына жауап беруіңізге болады. Сұрақтар дәптердің соңында. Одан кейінгі сабақтарды да бітірісімен оның сұрақтарымен айналысуыңызға болады. Барлық сұрақтарға да жауап беріп болғаннан кейін ғана дәптерді тексеру үшін оның соңғы жағында көрсетілген арнайы мекенжайға салып жіберіңіз.

## **Сіздің жауаптарыңыз қалай бағаланады**

Жұмыс дәптеріңізді бізге салып жібергеннен кейін біз оны тексеріп, өзіңізге қайтарамыз. Егер қате жауап берген болсаңыз, дұрыс жауапты жазбаның немесе Кітаптың қай жерінен табуға болатынын нұсқаймыз.

## **Оқуды қалай ұйымдастырған жөн**

Әрбір апта үшін жүйелі оқып-дайындалу уақытын белгілеп алыңыз. Егер топпен оқысаңыз, оқу кестесін ұстаныңыз.

## **Тағы бір тілек**

Іс-әрекеттеріңіздің оқып-үйреніп жатқандарыңызға сай болуына ұмтылыңыз. Жақыптың хатындағы 1:22-25 аяттарды мұқият оқып шығыңыз. Құдай сізге қай кезде болмасын жер бетінде өмір сүрген адамдардың ішіндегі ең Ұлы Адам туралы біліп алғандарыңызды өз өміріңізде қолдануға көмектесе көрсін.

## БІРІНШІ САБАҚ

### ИСА КІМ?

Иса кім? Бұл сұрақ көптеген адамды қызықтырған. Ол Иса жер бетінде болған кезде де, одан кейін де қойылған. Бұл - адам қоя алатын ең маңызды сұрақ.

Осы сұрақ тіпті Исаның ізбасарларын, Оның шәкірттерін де толғандырған. Олар: «Тіпті жел мен көл де бағынатын Бұл кім Өзі?» деп таңғалысқан (Марқа 4:41).

Исаның кезіндегі дін мұғалімдері мен парызшылдар шәкірттерге қарағанда өзге мақсаттарды көздеген, бірақ олардың өздері де сол сұрақты қойып: «Құдайды қорлайтын Бұл кім Өзі?» деген (Лұқа 5:21).

Иса тіпті үш жыл жарым бойы уағыз айтып жүргеннен кейін де адамдар әлі де сол сұрақты қойған: «Иса Иерусалимге кірген кезде бүкіл қала толқып, халық: - Бұл кім Өзі?» - деп сұрасты (Матай 21:10).

### СОНЫМЕН ИСА КІМ?

Осы сұраққа беретін жауабымыз біздің өз өмірімізді қалай өткізетінімізге айтарлықтай әсер ете алады.

Ізгі хабардың төрт жазбасы біздің осы сұраққа жауап табуымызға көмектесу үшін жазылған. Егер сіз оқығаныңыз жайлы ой толғап, сұрақтарға шын жүректен жауап беретін болсаңыз, өміріңіз өзгере алады. Ізгі хабардың бір жазбасында былай делінген: «Ал жазылғандары Исаның Құтқарушы Мәсіх, Құдайдың рухани Ұлы екендігіне сендер сенсін, әрі сенімдерің арқылы Онымен тығыз байланыста тұрып, шынайы өмірге ие болсын деген мақсатпен жазылған» (Жохан 20:31).

Бұл сабақ сізге Киелі жазбаның Иса Мәсіх туралы не айтатынын біліп алуыңызға көмектеседі.

## **Мәсіх жер бетіне келгенге дейін не болды?**

Мәсіхтің келуіне әлем әртүрлі жолдармен дайындалды.

Мәсіх жер бетіне келгенге дейін Құдай Ие ираилдіктерді Оған құлшылық етуге үйретті. Құдай біртіндеп, ғасырлар бойы халықты Мәсіх туралы ұлы ақиқаттармен таныстырды. Кейінірек, «қудалану» заманында яғни ираилдіктер халықтар арасына шашырап кеткен уақытта, олар өздерімен бірге Құдайдың Сөзін алып жүрді.

Ираилдік болмаған өзге халықтар «пұтқа табынушылар» деп аталды. Көне заманда Шығыста пұтқа табынушылар молшылықта өмір сүрді. Олар көне грек өркениетінің керемет жетістіктерінің рақатын көрді, ал Римнің билеушілері шексіз билікке ие болды.

Алайда мұның бәрі пұтқа табынушылардың жан дүниелерінің аңсауларын қанағаттандыра алмады, не олардың жандарын күнәдан құтқара да алмады.

Филипп Шафф Мәсіх Жолының тарихы туралы ұлы еңбегінде адамдар сол кезде Мәсіхтің келуіне әртүрлі жолдармен дайындалған еді деп жазады.

Яһуди діні, грек цивилизациясы, римдік құқық — мұның бәрі Мәсіх жайлы хабардың тез таралуына мүмкіндік туғызды.

Бірақ не дін, не өркениеттің жетістіктері, не билік, не философиялық ұлы ой, не мәдениет, не керемет қол жазбалар - ештеңе де адамдардың Құдаймен дұрыс қарым-қатынас жасауларына көмектесе алмады. Яһуди дінін өзге діндермен араластыруға ұмтылу, көне діндердің өздігімен құрып кетуі, тіпті кейбір игілікті жандардың

Құдайды танып-білуге деген құлшыныстары қалаған нәтиже бермеді. «Ал Құдай белгілеген уақыты жеткенде, Өзінің рухани Ұлын жіберді» (Ғалат. хат 4:4).

## **ОЛ АДАМ БОЛДЫ**

Оның өмірінің таңғаларлық болғаны сондай, бізге Оның Адам сияқты өмір сүргенін есімізге түсіріп отыруы қажет.

1. Киелі жазбадан төмендегі жерлерді оқыңыз. Иса Мәсіхтің өзіңіз сияқты Адам болғанын көрсететін қасиеттерін жазып қойыңыз.

а) Матай 2:1 **«Иса Иродтың патшалық құрған заманында Яһудея аймағындағы Бетлехем қалашығында дүниеге келді».**

---

Кіші Дионис қазіргі күні біз қолданып жүрген күнтізбені жасап шығарды. Ол даналықпен біздің жыл санауымызды Иса Мәсіхтің туған кезімен белгіледі. Филипп Шафф былай деген: «Ол жыл санаудың орталығы ғана емес, Ол бүкіл тарих үшін де сондай. Ол оның күллі құпиясының кілті».

ә) Лұқа 2:40 **«Бала өсіп, күш жинап, даналыққа кенеле берді. Құдайдың мейір-шапағаты Оның үстінде болды».**

---

б) Лұқа 2:51-52 **«Иса Назарет қаласына бірге оралып, оларға мойынсұнып жүрді. Осы сөздердің бәрін шешесі көңіліне түйіп алды. Ал Исаның ойы да, бойы да, Құдай мен адамдарға ұнамдылығы да арта түсті».**

---

в) Матай 4:1-11 «Бұдан кейін Киелі Рух Исаны шайтанның сынағынан өтуі үшін айдалаға бастап алып барды. Иса қырық күн, қырық түн ораза тұтып, соңында әбден ашықты.

Сонда азғырушы эзезіл Оның қасына келіп:

— Егер Құдайдың рухани Ұлы болсаң, мына тастар нанға айналсын деп бұйыра гөр! — деді.

Иса оған былай деп жауап қатты:

— «Адам тек нанмен ғана емес, Құдайдың аузынан шыққан әрбір сөзімен өмір сүреді» деп (Тауратта) жазылған ғой!

Бұдан кейін эзезіл шайтан Оны қасиетті қалаға (Иерусалимге) апарып, ғибадатхананың төбесіне шығарып былай деді:

— Егер Құдайдың рухани Ұлы болсаң, төмен қарай секіре гөр! Өйткені періштелеріне Ол Сен жайлы бұйрық береді: Сен аяғыңды тасқа соғып алмауың үшін қолдарына көтеріп Сені алып жүреді деп (Забурда) жазылған ғой.

Иса оған жауап қайтарып:

— Алайда «Құдай Иенді еркінсіп сынама!» деп те (Тауратта) жазылған ғой! — деді.

Содан кейін эзезіл шайтан Оны тағы да ертіп алып бір биік таудың басына шығарды. Оған әлемнің барлық мемлекеттері мен олардың сән-салтанатын көрсетіп:

— Егер аяғыма жығылып маған ғибадат етсең, бұлардың бәрін де Саған беремін, — деді.

Сонда Иса оған былай деп жауап қайтарды:

— Кет қасымнан, шайтан! «Құдай Иенді терең қастерлеп, жалғыз Оған ғана қызмет ет!» деп Тауратта жазылған ғой!

Мұнан кейін эзезіл шайтан Оның қасынан кетіп қалды. Сол сәтте періштелер келіп, Исаға қызмет көрсетті».

---

г) Жохан 4:1-7 «Иса Жақиядан гөрі көбірек шәкірттер тауып, шомылдыру рәсімінен өткізіп жатыр деген хабар парызшыларға жетті. Шынында оны істеп



жүрген Исаның Өзі емес, шәкірттері еді. Сондай хабардың парызшылдарға жеткенін білген Иеміз Иса Яһудея аймағынан Ғалилеяға қайта оралды.

Құдайдың еркімен Иса Самария аймағы арқылы жол жүруге тиісті болды. Осылай Ол Самариядағы Сихар қаласына келді. Бұл қала (ежелде Исраил халқының түп атасы) Жақыптың өз ұлы Жүсіпке мұра етіп қалдырған жеріне жақын орналасқан. Сол жерде «Жақыптың құдығы» бар еді. Жол жүріп шаршаған Иса құдықтың қасына отыра кетті. Түс мезгілі болатын, ал шәкірттері қалаға тамақ алуға кеткен еді».

---

ғ) Марқа 4:35-41 «Сол күннің кешінде Иса шәкірттеріне: «Көлдің арғы бетіне өтейік», — деді. Содан олар халықты қалдырып, қайықтағы Ұстазын өздерімен бірге алып кетті. Өзге қайықтар да Исаға ілесе шықты. Біраздан кейін сұрапыл дауыл көтеріліп, қайық толқынның астында қалып, суға тола бастады. Ал Иса қайықтың артқы жағында көпшік жастанып ұйықтап жатты. Шәкірттері Оны оятып: «Ұстаз, құритын болдық! Жағдайымызды ойламайсыз ба?» — деп айқайлады. Иса тұрып, желге тыйым салып, көлге де: «Тына қал, басыл!» — деп бұйырды. Сонда дауыл басылып, жым-жырт тыныштық орнады. Бұдан кейін Иса шәкірттеріне қарап: — Неліктен соншама қорқасыңдар? Әлі де сенімдерің жоқ па? — деді. Олар қатты үрейленіп, бір-біріне: — Тіпті жел мен көл де бағынатын Бұл кім Өзі? — деп таңғалысты».

---

д) Жохан 11:28-37 «Осыны айтқан соң Марта барып, басқаларға білдірмей Мәриямға: — Ұстаз осында, сені шақырып жатыр, — деді. Мәриям мұны естісімен асығыс тұрып, Оған қарсы жүрді. Ал Иса әлі де ауылға кірмей, Мартаға кездескен жерінде болатын.

Мәриямның қасында көңіл айтып отырған яһудилер оның асығыс тұрып, сыртқа шығып кеткенін көргенде соңынан ере шығып: «Қабірдің басына барып жоқтау айтатын шығар», — деп ойлады.

Мәриям Иса тұрған жерге келіп, аяғына жығыла:

— Ием, Сіз осында болсаңыз, бауырым өлмес еді! — деді.

Мәриямның және оған ерген яһудилердің қайғырып жылағандарын көргенде, Иса іштей қатты қобалжып, қайғырып, толқып кетті. Олардан:

— Оны қай қабірге қойдыңдар? — деп сұрады.

— Иеміз, келіп көріңіз, — деді олар. Иса көзіне жас алды. Яһудилер:

— Қарандар, Ол Елазарды қалай жақсы көрген! — деді. Ал араларындағы кейбіреулері:

— Соқырдың көзін ашқан Ол оны да ажалдан арашалап алып қала алмас па еді? — деді.

---

е) Жохан 19:28-30 «Тиісті нәрселердің бәрінің түгел орындалғанын білген Иса бұдан кейін: «Мен шөлдеп тұрмын», — деді. Забурда алдын ала жазып қалдырылған бұл тәрізді сөз де осылай іске асты. Сол жерде сірке суына толы құмыра тұрған еді. Жасақшылар бір сорғышты сірке суына батырып алып, сайсағыз бұтасының сабағына бекітіп, Исаның аузына тосты. Иса сірке суын сорғаннан кейін: «Енді түгел орындалды!» — деді де, басын иіп, жан тапсырды.

---

## Сіз қандай қорытындыға келдіңіз?

Сіз Иеміз Исаның барлық жағынан да шынайы Адам болғанын ұғынуға тиіссіз. Ол нәресте болып туылды. Балалық шағында анасына тәуелді болды. Ол өзінің жер бетіндегі ата-анасына мойынсұнды. Ол біздің бәріміз сияқты өсіп ержетті. Иса аштықты, шөлді, шаршап-шалдығуды Өзінің басынан өткізді. Біздегі сияқты Оның

бойында да қуаныш, қайғы, наразылық, сүйіспеншілік сезімдері болды. Ол сыналып, оларды жеңіп шықты. Оның тәні, Оның ақыл-санасы және Оның сезімдері - бәрі де ауыруды бастан кешті.  
Және Ол өлді.

## **Иса Адам болса да өзге адамдардан айрықша болды**

Иса яһудилердің заңына сай өмір сүрді, өйткені Ол яһуди отбасында дүниеге келген еді. Олардың заңдары өте қатаң болатын.

2. Ғалаттықтарға арналған хаттың 4:4 аятынан біз Исаның ата-анасы жайлы қандай айрықша деректі білеміз?

---

---

Шотландтық уағызшы Грян Скрогги былай деген: Мәсіхтің пәк қыз арқылы дүниеге келуі дін ілімінің тұжырымы емес, нақты дерек. Ол не пәк қыз арқылы дүниеге келді, не солай емес.

Киелі жазбадағы айтылғандар - не тарихи шындық, не әдейі ойдан шығарылғандар. Бізге арналған хабардың негізгі көздері Матай және Лұқа жазған Ізгі хабарлар.

Бұл куәлік жайлы біртұтас мәселе, ал барлық куәліктер бұл жазбалардың Мәсіхтің елшілерінің заманындағы шынайы құжаттар екеніне келіп тіреледі. Оларды аттары аталған адамдар жазған және пәк қыздың Киелі Рухтың күдіретімен аяғы ауырлайтыны жайлы оларда басынан бастап-ақ жазылған».

Иса Өзінің сөздерімен және іс-әрекеттерімен бізден айрықшаланды. Оны білген адамдар, осы дерек жайлы куәлік келтіреді.

3. Киелі жазбадан төменде келтірілген аяттардың қайсысы Исаның бізден айрықша болғандығын көрсетеді. Тапқан

өзгешеліктердің барлығын көшіріп жазыңыз.

Рим. хат 3:23 пен Еврей. хат 4:14-16 аяттарды салыстырыңыз.

---

Жохан 8:29

---

Жохан 8:45-47

---

Лұқа 23:41

---

## **ОНЫ ЖАЙ АДАМ ДЕП АЙТУҒА БОЛМАЙДЫ**

Иса әдеттегідей қарапайым адам болған жоқ. Ол ешқашан күнә жасамады, әрі Құдай Оның Әкесі болды.

4. Жохан жазған Ізгі хабарда Исаны кейде «Сөз» деп атайды. Жохан 1:1-5 аяттарда Оның мәңгілік бар екендігі жайлы не делінген?

---

---

Мынаған назар аударыңыз, Жохан Ол «дүние жаратылғандың алдында» пайда болды демейді. Дүние жаратылмас бұрын да Ол «бар болған» деп жазады. Ол адам кейпінде осы дүниеге келместен бұрын да бар болған, Ол жоқ болған кез ешқашан болған емес!

Жохан жазған Ізгі хабарда былай делінген: **«Сөз адамға айналып, арамызда өмір сүрді» (Жохан 1:14).**

Әрине, тек Құдай ғана әрдайым бар болған!

5. Неліктен яһуди діндарлары Исаны тас лақтырып

өлтiруге дайын болды (Жохан 8:48-59)?

---

6. Жохан 3:16 аятта «Иса - Құдайдың \_\_\_\_\_ рухани Ұлы» делiнген.

Өзiнiң болмысы бойынша Иса - Құдайдың рухани Ұлы. Егер сiз адамның қолымен жасалғандар мен одан (адамнан) туғандардың арасындағы айырмашылық жайлы ойланатын болсаңыз, онда бұл деректiң барлық маңыздылығын ұғына аласыз.

Егер сiз робот немесе үстел жасап шығарсаңыз, сол нәрсеңiз сiздiң өзiңiзден айрықшалаанады. Ол жансыз нәрсе. Бiрақ сiздiң сәбиiңiз болса, Ол сiздiң тәнiңiзден шыққан тән. Ол сiздiң өзiңiз сияқты адам.

Құдай адамды жаратты. Онда Құдайлық болмыс жоқ. Бiрақ Иса Құдайдан туған. Оның Құдайлық болмысы бар. Ол - Құдайдың жалғыз рухани Ұлы.

Матай жазған Iзгi хабардың 1:20-23 аяттарында Пайғамбарлар жазбаларында Мәсiхтiң дүниеге келуi жайлы жүздеген жылдар бұрын алдын ала айтылған деп баяндалған. Мысалы, Ишая пайғамбардың жазбасының 9:6 аятында былай делiнген:

**Себебi Сәби дүниеге келдi,  
Бiз үшiн осы Ұл сыйға берiлдi!  
Билiк Оның қолында қала бередi:  
Ол «керемет ақылды Кенесшi,  
Қүдiреттi Құдай, Мәңгiлiк Әке,  
Тыныштықты сыйлайтын Әмiршi»  
Деген атақтармен аталатын болады.**

7. Ишая 9:6 аяттағы қандай атаулар Сәбидiң Құдай екенiн көрсетедi?

---

---

8. Шәкірттері біраз уақыт бойы Өзін бақылап, тәлімдерін таңдап жүргеннен кейін Иса олардан Өзін кім дейтіндерін сұрады. Петір не деп жауап берді (Матай 16:13-20)?

---

---

(17 аят бізге Исаның кім екенін Петірдің қалай білгенін айтады)

9. Сотта Исаның қандай сөзінен кейін бас діни қызметкер шапанының өңірін айыра жыртып, Мәсіхті Тәңірді қорлады деп айыптады (Өзінің Құдайлық болмысы туралы Исаның мәлімдемесі - Марқа 14:61-64)?

---

---

Мәсіхтің Өзі туралы мәлімдемесі Құдайды қорлағандық деп жарияланды. Ал шын мәнісінде Ол Өзіне Кіммін деп мәлімдеген болса Сол еді! Ол яһуди басшыларының Өзінің өлімін талап ететінін білді. Мәсіхтің Құдай белгілеген жанын қиятын уақыты жеткенге дейін Иса Өзін Құдаймын деп ашық мәлімдеген жоқ (Жохан 8:20). Керісінше, Ол өзгелерге Өзінің Кім екенін айтуға түрткі салды (№8 сұраққа қараңыз).

10. Исаның айтуы бойынша біз жалғыз Кімге ғана ғибадат етуге тиіспіз (Матай 4:9-10)?

---

---

11. Петір неліктен Корнелдің аяғына жығылып, өзін құрметтегенін қаламады (Елшілер. іст.10:19-33)?

---

---

12. Періштенің аяғына бас ұрмақ болып жығылғанда періште Жоханға не деді (Аян 22:1-9)?

---

---

13. Матай 14:33 аятта Иса Өзіне шәкірттерінің қандай айрықша мәнді іс істеулеріне рұқсат етті?

---

---

Киелі жазбада, Жаратылыстың басталуынан Аян кітабының аяғына дейін, тек жалғыз Құдайға ғана бас ұрып ғибадат ету қажет делінген.

Заңды қайталау кітабында (5:7-10) былай делінген: **«Сенің Менен басқа ешқандай тәңірлерің болмасын! Аспанда, жерде не суда бар нәрселердің ешқайсысынан өздеріңе тәңір бейнелерін жасама!**

**Сондайларға бас иіп табынып, құлшылық етпе! Мен сенің Құдай Иеңмін, Өзімнен басқа тәңірлеріңнің болуына еш төзбеймін. Мені менсінбейтіндерді немерелері мен шөберелеріне дейін жазалаймын, ал Өзімді сүйіп, өсиеттерімді ұстанғандарға тіпті мыңыншы ұрпағына дейін рақымымды төгемін».**

14. Рим. хат 1:4 аятына сай, Исаның Құдай екендігінің ең басты дәлелі не?

---

---

15. Өзінің өлімнен қайта тірілгеніне шәкірттері сену үшін Иса оларға қандай екі дәлелді келтірді (Лұқа 24:36-43)?

---

---

16. Берген жауаптарыңызды тағы бір рет мұқият қарап шығыңыз. Иса Мәсіхтің бойындағы қандай қасиет және Оның Құдайдың рухани Ұлы екендігі сізге қалай әсер етті?

---

---

«Жай ғана мәсіхшілік» (Просто христианство) атты танымал кітаптың авторы Клайв Льюис былай деп

жазған: «Жай ғана қарапайым пенде болған және Исаның айтқандарын айтқан адам адамгершіліктің ұлы ұстазы бола алмас еді. Ол не есерсоқ..., не тозақтың жын-перісі болар еді. Сізге таңдау жасау қажет. Не бұл Адам Құдайдың рухани Ұлы, не ол жынды, не одан да сорақысы. Сіз Одан ақымақтан қашқандай қаша аласыз... не Оның аяғына бас ұра жығылып, Тәңір Ием, Құдайым деп құлшылық етесіз».



## ЕКІНШІ САБАҚ

### ОЛ НЕ ІСТЕДІ?

Исаның жер бетіндегі қызметі тек үш жарым жылға ғана созылды. Сол кезде әлі де машиналар, пойыздар, ұшақтар, радио, теледидар, газеттер жоқ болатын. Ол Бетлехем деп аталатын шағын елді мекенде дүниеге келді. Өмірінің негізгі бөлігін Ол басқа бір кішкентай елді мекен - Назаретте өткізді. Ол ешқашан Өзінің үйінен үш жүз километрден аса қашыққа сапарға шыққан жоқ. Ол бірде-бір кітап та жазған емес. Мектепте де ешқашан оқыған жоқ. Сондай-ақ Оның ешқандай жеке меншігі және ешқандай қызмет дәрежесі де болған емес.

Солай десек те ұлы уағыздаушы Филипс Брукс Ол туралы былай деген: «Қай кезде болмасын жер бетіне сап құралған барлық әскерлер, құрастырылып жасалған барлық кемелер, барлық парламенттер және барлық билік жүргізген корольдер - бұлардың бәрін біртұтас етіп алсақ та жер бетіндегі адамның өміріне осы бір жалғыз-ақ өмір - Иса Мәсіхтің өмірі сияқты осыншама күшті әсер еткен жоқ».

Бірінші сабақ сізге Иса Мәсіхті Құдайдың рухани Ұлы ретінде таныстырды. Екінші сабақтан сіз жер бетінде өмір сүрген кезінде Исаның не істегені туралы біліп аласыз. Әрине, біз Мәсіхтің істегендерінің бәрін бүге-шігесіне дейін оқып біле алмаймыз. Жохан жазған Ізгі хабардың 21:25 аятында былай делінген: «Исаның істеп кеткен көптеген басқа да істері бар. Олар туралы толықтай жазса, жазылуға тиісті кітаптар, менің ойымша, бұл дүниеге сыймас еді».

Біз Исаның ең маңызды істеріне ғана тоқталғымыз келеді.

## **ОЛ ҚҰДАЙДЫҢ ТҮПКІ НИЕТІНЕ САЙ ӘРЕКЕТ ЖАСАДЫ**

Иса Өзінің осы дүниеге ең басты мақсатын іске асыру үшін келгенін білді.

1. Әлі де бала бола тұра, Иса өзінің алдына қандай өмірлік мақсат қойды (Лұқа 2:45-50)? 49 аяттың мағынасы қандай?

---

---

---

2. Жохан 10:10 аятта Исаның не үшін келгені айтылған: «Ұры ұрлап, сойып, құрту үшін келеді. Ал Мен адамдар шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп келдім».

---

---

## **ОЛ БІЗДІҢ ЕҢ ЗОР ҚАЖЕТТІЛІГІМІЗ ЖАЙЛЫ БІЛДІ**

3. Лұқа 19:10 аятқа сәйкес неліктен Иса Адам кейпіне еніп жер бетіне келді?

---

---

---

4. Тімоте. 1-хат 1:15 аятқа сәйкес Иса неліктен осы дүниеге келді? Яһудейлердің діни ұстазы Пауыл өзі туралы не деді?

---

---

Пауыл өте діндар және адал адам бола тұра, өзінің орасан зор мұқтажын жете түсінді. Ол адалдықтың - дін мәселесінде ең жақсы ізгілік екенін білді. Неліктен солай екенін біз жақында білетін боламыз!

Киелі жазба бізге газет оқыған кезімізде ұдайы бетпе-бет келетін нәрсені көрсетеді. Адамдар түкке тұрғысыз әрі бейшара.

Пауылдың айтуы бойынша адамдар: «...жүрген жерлерін қиратып, азап шеккізеді. Олар татулық дегенді білмейді» (Рим. хат 3:16-17).

Біздің әрқайсымыз да мұның шындық екенін түсінеміз. Абыржыған кезімізде біз дәрі ішеміз. Алайда дәрі көмектеспейтін жүйке қатты күйзелген кездер де болады. Римдіктерге арналған хаттың бірінші тарауында біз күнделікті өмірде кездесетін жеке және қоғамдық әлеуметтік мәселелердің барлығы да суреттелген: жыныстық күнәлар, қылмыстық істер, отбасының күйреуі, жасөспірімдердің ата-анасына мойынсұнбауы және халықтар арасындағы соғыстар. Алайда Киелі жазба газеттер жасай алмайтынды істейді, ол болып жатқан оқиғалардың себебін көрсетеді.

5. Рим. хат 1:28 аятта қандай жағдайда күнә жасалатыны айтылған:

---

---

Жазбада біз Құдайдың өмірімізді бақылау құқығын мойындаудан бас тартқан кезімізде күнә жасалады делінген. Біз «күнә» деп атайтын нәрсе Құдайдың бұйрықтарын орындаудан бас тартқан кезімізде пайда болады. Міне, сондықтан да Құдайдың бізге айтқандарын орындау сондай маңызды. Шын мәнінде күнәнің не екенін түсіну содан да аса маңызды. Күнә біздің басқаларға жасаған жай ғана теріс қылықтарымыз емес. Өзінің түп тамырында күнә біздің Құдайға мойынсұнбағанымызды көрсетеді.

6. Рим. хат 3:9-11 аяттарға сай жер бетіндегі адамдардың қай бөлігі күнә жасады?

---

7. Рим. хат 6:20-23 аяттарға сай күнәнің нәтижесі қандай?

---

Киелі жазбада біздің өлетініміз туралы айтылғанда, ол тек тәндік өлімді ғана білдірмейді. Ефестіктерге арналған хатта кейбір адамдардың тірі кезінде рухани өлі бола алатындары жайлы айтылған (2:1-6).

Неліктен? Өйткені Киелі жазбаға сай, Құдайдан ажырап, алшақ өмір сүрген әрбір адам - өлі. Біздің тәніміз өледі. Алайда егер Құдай ұсынған мәңгілік өмірді адам қабылдаса, ол Құдай үшін өлі. Күнә — адамның өзінің жеке басын бірінші орынға қоюы. Мұндай жағдайда тіпті діни іс-әрекеттердің өзі де адамның өзін-өзі дәріптеу ұмтылысынан туындай алады. «Еңбек ақысы» сөзіне көңіл бөліңізші. Егер қандай да бір жұмыс істелсе, сол үшін оған еңбек ақы төленуге тиіс.

8. Сондықтан да Рим. хат 5:12 аятқа сәйкес, сізбен не болды?

---

Демек, егер біз өзімізге адал болсақ, бәріміздің де күнә жасағанымызды мойындаймыз. Жазбада біз үшін ең басты қажеттілік - құтқарылу делінген. Иса Мәсіх сол құтқарылуды жүзеге асыру үшін келді.

## **ОЛ БІЗДІ ҚҰТҚАРУ ҮШІН ҚҰРБАН БОЛДЫ**

Иса Өзінің осы дүниеге келуімен екі оқиғаның іске асуға тиіс екенін білді.

9. Матай 16:21 аятқа сәйкес олар қандай екі оқиға?

---

Өлімнен қайта тірілу, әрине, барлығын да таңғалдырды. Мұндайды бұған дейін ешкім әрі ешқашан істеген емес.

Бірақ Исаның құрбандық өлімі де әдеттен тыс нәрсе еді. Күнәнің төлемі - өлім, алайда Иса ешқашан күнә жасаған емес!

10. Қорынт. 1-хат 15:1-4 аяттарда Пауыл Иеміз өзіне уағыздауға бұйырған Ізгі хабар жайлы не деді?

---

---

Ишая пайғамбардың жазбасында (53:5) былай делінген: «Алайда Құдайдың Қызметшісі біздің күнәларымыз үшін түйреліп, біздің әділетсіз істеріміз үшін құртылды. Оның тартқан жазасы бізге амандық пен тыныштық әкелді. Оның жараларының арқасында біз сауықтық».

11. Өзі әділ бола тұра, Иса неліктен біздің күнәларымыз үшін құрбан болды (Петір. 1-хаты 3:18)?

---

---

12. Біз әлі де дәрменсіз күнәкар болып жүрген кезімізде кемелді де киелі Құдай Өзінің рухани Ұлын біз үшін құрбан болып өлуге жіберді. Күнәні жек көрсе де, Рим. хат 5:6-11 аяттарға сай, Иеміз күнәкарларға қалай қарады?

---

---

«Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады» (Жохан 3:16; Жохан 1-хаты 4:10).

13. Қорынт. 2-хат 5:19-20 аяттарға сай Мәсіхтің құрбандық өлімі арқасында Құдай не істеді?

---

---

«Дегенмен, әлі де күнәкар болып жүрген кезімізде біз үшін Мәсіх өмірін Құрбан етті! Осы арқылы Құдай бізге Өзінің зор сүйіспеншілігін дәлелдеді. Енді біз Мәсіхтің қаны төгіліп құрбан болғандығы арқылы ақталған соң, Оның арқасында Құдайдың қаһарынан мәңгілік

құтқарылатынымыз да сөзсіз! Себебі бұрын біз Тәңірге әлі де қас болған кезде Оның рухани Ұлының өлімі арқылы Құдаймен татулассaq, енді татуласқандар ретінде Мәсіхтің өмірі арқылы толықтай құтқарылатынымыз сөзсіз!» (Рим. хат 5:8-10).

Есіңізде болсын, Құдай бізбен достасып алып, содан кейін жамандық істегісі келетін жау емес. Біз өзіміз Құдайға жаумыз / қаспыз. Бізге Онымен достасу қажет.

14. Неліктен бізге Құдаймен татуласу қажет?

---

---

15. Құдайдың біз үшін Иса Мәсіх арқылы істегендерін білу әрбір адамның өміріне әсер етуге тиіс. Құдайдың сіз үшін істегендерін ұғынудың өз өміріңізге әсер еткендігінің үш нақты мысалын келтіріңіз.

а) \_\_\_\_\_

ә) \_\_\_\_\_

б) \_\_\_\_\_

Біздің құтқарылуға өте мұқтаж екендігімізге және Иса Мәсіх арқылы Құдайдың біз үшін істегендеріне қарамастан, қазіргі күнгі адамдардың көпшілігі Иеміз ұсынған жан тыныштығы мен мәңгілік өмірді иемденбеген.

## ҮШІНШІ САБАҚ

### МЕН ИСАНЫ ҚАЛАЙ ТАНЫП-БІЛЕ АЛАМЫН?

Мен күнәмнан қалай құтқарыла аламын? Киелі жазба бізге мынаны ашып береді: Иса Мәсіхке деген сенім арқылы мәңгілік өмірдің сыйын біздің қалай ала алатынымыз жайлы Құдай айна қатесіз айтып берді. Құдай бізге Иеміз Иса Мәсіхпен жеке қарым-қатынаста болуға тиіспіз дейді. Бірақ бізге Онымен қалай танысуға болады?

Елшілердің істерінде (11:26) «мәсіхші» сөзінің қайдан шыққаны туралы айтылған. Онда былай делінген: «Антақияда Исаның жолын қуушы шәкірттер алғаш рет «мәсіхшілер» деп аталады». Киелі жазбаға сай «мәсіхші» - Иса Мәсіхке сенуші адам.

Үшінші сабақ сізге сенуші болудың не екенін ұғынуға көмектеседі. Ол сізге өзіңіздің қалайша Иса Мәсіхке сенуші бола алатыныңызды біліп алуыңызға көмектеседі.

### ҚҰТҚАРЫЛУ СЕΝІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН

Егер біз құтқарылуға ізгі өмір сүруіміз арқылы қол жеткізе алатын болсақ, онда Иса Мәсіхке біздің күнәларымыз үшін айқышта құрбан болудың қажеті де болмас еді.

1. Ефес. хат 2:8-9 аяттарға біздің құтқарылуға қалайша қол жеткізе алмайтынымыз айтылған. Ол \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ нәтижесі емес

2. Осы аяттарға сай біз \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ арқылы құтқарылдық.

«Рақым» сөзі адамның лайықты емес нәрсеге ие болуын білдіреді. Ол Құдайдың шапағаты, Оның рақымы біз оған лайықты емеспіз. Шапағат, (рақым) қайырымдылық, бұл - біреудің біз үшін ақысыз тегін істеген ісі. Пауыл бұл жерде Құдайдың бізге істеген рақымын нұсқайды. Ал біз соған еңбегімізді сіңіріп, лайықты болған жоқ едік. Пауыл оны Құдайдың сыйы деп айрықша атап көрсетеді.

3. Рим. хат 6:20-23 аяттарда Құдайдың беретін тегін сыйы

---

делінген.

4. Бұл сый Кімнен?

---

Сый - біреудің бізге ұсынған сыйлығы, біз оны не қабылдауға, не одан бас тартуға тиіспіз. Ефес. хат 2:8-9 аяттарда Құдайдан құтқарылу сыйын алудың бірден-бір жолы - сенім делінген.

Сенім деген не? Сенімнің мәнісі - сенімді болу және сенім білдіру. Біз Иса Мәсіхке деген сеніміміз арқылы құтқарылудың тегін сыйына ие боламыз. Құтқарылу үшін Мәсіхке сенім арту - Оның бізді күнәміздің айыбынан құтқарып, бізге мәңгілік өмір беретініне сенімді болуымызды білдіреді.

Иеміз Иса Мәсіхке сенім арту Оның біздің күнәларымыз үшін құрбан болғанын, бізді кешіретінін және бізге мәңгілік өмір беретінін біздің түсінетінімізді білдіреді. Тек жалғыз Оның ғана бізді құтқара алатынымен біз келісеміз. Иемізге сенім артуға шешім қабылдаймыз.

## **ИЕМІЗ ИСА МӘСІХКЕ ҒАНА СЕНИМ АРТУҒА ТИІСПІЗ**

Римдіктерге арналған хатта мәңгілік өмірдің сыйы Иеміз Иса Мәсіхте деп анық айтылған.

5. Исаның айтуы бойынша біз Құдайға келуге тиіспіз



(Жохан 14:1-7)?

---

6. Жохан 14:6 аятта Иса Өзі туралы не деді?

---

7. Жохан 14:1 аятта Иса былай деді: «Құдайға сеніңдер және \_\_\_\_\_ сеніңдер!»

Біздегі сенімді нығайтып бекіту үшін Иса өлімнен қайта тірілді және соның дәлелі ретінде Өзі бірнеше рет көрінді.

Сенім сенім артуды білдіреді. Сенім арту өзге адаммен қарым-қатынас жасаудағы ең қарапайым да қажетті элемент. Біз біреуге не бір нәрсеге сенім артпай бірде-бір күн өмір сүре алмас едік.

Автобуска отырған сайын сіз оған сенім артасыз. Сіз оның өздігінен қирап қалатынына сенбейсіз. Автобус жүргізушісінің оны қауіпсіз айдайтынына сенесіз. Автобустың көрсетілген бағыт бойынша жүретініне сенесіз.

Банкке ақша салған кезіңізде де, дәл солай, сіз өзге адамдарға сенім артасыз. Хат жолдаған сайын да сіз пошта байланысы мен пошта қызметкеріне сенім білдіресіз. Ғимаратқа кірген сайын оның беріктігіне сенімдісіз. Дәрігер ішетін дәріңізді жазып берген сайын, сіз өзіңіздің одан уланып қалмайтыныңызға сенесіз.

Әрине, біз бір нәрсе істеген сайын сеніміміз туралы ойланып жатпаймыз ғой. Күнделікті өмірімізде сенімнің табиғи екендігі сонша, біз өзіміздің сенімімізге шүбә келтірмейміз. Бірақ та осы әдеттегі күнделікті сенім күнәдан құтқарылу мәселеніңде сіз сеніміңізді Иса Мәсіхке артқан кезде Құтқарушы сенімге айналады.

Сенімнің өзіне тиесілі нысанасы болуға тиіс. Иса Мәсіхке деген сенімнің бізді күнәдан құтқаратындығының кепілі

Оның бізді құтқара алатын Құтқарушымыз екендігінде. Ол толығымен Құдай әрі толығымен Адам. Мәсіхті қабылдаған адамда сенім пайда болады. Құдай оны осы сенімі арқылы құтқарады.

Адамның Иса Мәсіхке жасай алатын ең үлкен қорлығы оның әдейі немесе Оны менсінбей «Мен Саған сенбеймін» деуі.

8. Тімоте. 1-хат 2:5 аятта былай делінген: «Құдай - \_\_\_\_\_, Құдай мен адамдар арасын \_\_\_\_\_ де Біреу, Ол - \_\_\_\_\_».

9. Күнәларымыздан құтқарылудың қаншама басқа жолдары бар (Елшілер. істері 4:12)?

---

## **СЕНІМ ИСА МӘСІХПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚАМТИДЫ**

Енді біз құтқарылуымыз үшін Құдайдың тегін сыйын қабылдауға тиіс екенімізді білеміз. Сондай-ақ сол сыйдың Иса Мәсіхте екенін де білеміз.

Келесі сұрақтарға жауап бермес бұрын Жохан 1:12 және Рим. хат 8:14-17 аяттарды оқып шығыңыз.

10. Жохан 1:12 аятқа сай, Иса Мәсіхпен жеке қарым-қатынас орнатуым үшін менің не істетуіме керек?

---

11. Иса Мәсіхке сенім артуымыз, біздің Құдаймен қарым-қатынасымыздан қалайша көрінеді? Жохан 1:2 қараңыз.

---

12. Иса Мәсіхпен жеке қарым-қатынасымыз болғанда Рим. хат 8:17 аятқа сәйкес Мәсіхпен арамызда қандай қарым-қатынас орнайды?

---

13. Егер біз Мәсіхке сенім артсақ, төмендегі аяттарға сай, біз үшін не нәрсе ақиқатқа айналады?

а) Рим. хат 3:24 \_\_\_\_\_

ә) Рим. хат 8:1 \_\_\_\_\_

б) Ғалат. хат 3:26 \_\_\_\_\_

в) Ефес. хат 1:7 \_\_\_\_\_

### **СЕНІМ ҚҰТҚАРЫЛУҒА ДЕГЕН НЫҚ СЕНІМДІЛІКТІ ТУЫНДАТАДЫ**

Егер біз Исаның күнәларды кешіретініне және мәңгілік өмірге ие болатынымызға сенетін болсақ, онда құтқарылуымыз мәңгілік болады. Киелі жазба Иеміз бізді аман сақтайды деп үйретеді. Бір кезде қабылдаған құтқарылу сыйы бізден тартып алынуы немесе жоғалып қалуы мүмкін емес.

Құтқарылуға деген сенімділік - сенушінің мәңгілік құтқарылғандығын біліп, соған нық сенетінін білдіреді. Ол Құдай сөзінің уәдесіне негізделген. Құдай әрбір сенушіде осындай сенімнің болғанын қалайды.

14. Төмендегі аяттарды оқып, сенушінің Иса Мәсіхке нық сенетінінің себептерін жазыңыз.

Жохан 10:28-29

---

---

Рим. хат 8:30

---

---

Еврей. хат 7:25

---

---

Рим. хат 8:35-39

---

---

Ефес. хат 4:30

---

---

15. Төмендегі аяттарға сай, біз құтқарылатынымызға неліктен нық сенеміз?

Жохан 1-хаты 5:10-13

---

---

Рим. хат 8:16

---

---

Құтқарылу Мәсіхтің құрбандық өліміне негізделген. Құтқарылуға деген нық сенімділік Киелі жазбаның айқын тұжырымдарына негізделген.

Біз үшінші сабақты Мәсіхтің адамдарының Киелі жазбада сенушілер деп аталатынын еске түсірумен бастадық. Сіз бұл сабақты аяқтап қалдыңыз. Енді өз күнәларыңыздың кешірілу мәселесінде сізге: «мен Мәсіхке сенім артамын ба?» деп өзіңізден сұрайтын уақыт жетті.

## **ОСЫ САБАҚТЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНГЕНДЕРІМІЗДІ ЖИНАҚТАП ҚОРЫТАЙЫҚ**

1. Құтқарылу - адамның өзінің күш салуының нәтижесі емес.

2. Құтқарылу - Құдайдың рақымы. Ол - соған еш лайықты болмағандарға берілген сыйлық.

3. Құтқарылу қабылдауға немесе бас тартуға болатын Құдайдың сыйы.

4. Біз құтқарылуымыз үшін Иса Мәсіхке сенім артуға тиіспіз.

5. Құтқарылу ешқашан жоғалып кете алмайды.

Иеміз Иса Мәсіхке өз Құтқарушыңыз ретінде сенім артасыз ба? Міне, осы жайлы өзіңіздің жеке шешім қабылдайтын уақытыңыз да жетті. Егер әлі де дайын болмасаңыз, сіз өзіңіз соны қалайсыз ба? Мәсіхке сенім арту сіздің сенушілердің қандай қауымына барып жүргеніңізге тәуелді емес. Ол сіздің Құдай алдындағы қабылдайтын жеке шешіміңіз.

Есіңізде болсын, маңыздысы сіздің күнәларыңыздың қандай жолмен кешірім алуында. Сізді көктегі жұмақтан не тоқтатып, ұстап тұр? Мәңгілік өмірді қабылдауыңызға не кедергі жасап тұр? Иса Мәсіхтің айқыштағы өлімі Иеміздің бұған берген жауабы болып табылады. Мәсіх күнәларыңызды кешіріп, мәңгілік өмір беру үшін сіз Оған сенуге тиіссіз.

Егер Иеміз Исаға өзіңіздің жеке Құтқарушыңыз ретінде сенім білдіргіңіз келсе, соны Оған дұға етіп айтыңыз. Өзіңіздің күнәкар екеніңізді мойындайтыныңызды, істеген күнәларыңыздың мәңгілік жазасынан өзіңізді құтқара алмайтыныңызды, Иеміз Иса Мәсіхті жеке Құтқарушыңыз ретінде қабылдайтыныңызды, құтқарылу үшін тек Иеміз Иса Мәсіхке ғана сенім артуға шешім қабылдағаныңызды Оған айтып білдіріңіз.

«Өзімнің күнәкар екенімді және тек жалғыз Оның ғана мені құтқара алатынын мойындай отыра, мен бүгін

өзімнің жеке Құтқарушым ретінде Иеміз Иса Мәсіхке сенімімді артамын».

Қолтаңба \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

## ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

### ТАРИХТАҒЫ АЙРЫҚША ҒАЖАЙЫП ТҰЛҒА

Аты-жөні \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Қала аты \_\_\_\_\_

Индексі \_\_\_\_\_

Нұсқаушы \_\_\_\_\_

Топ № \_\_\_\_\_

#### БІРІНШІ САБАҚ

Сұрақтың оң жағына дұрыс жауаптың әріп таңбасын қойыңыз.

1. Мәсіхтің шәкірттері «Ол кім?» деп сұрады. Иса:

- а) суды шарапқа айналдырғанда;
- ә) өлген адамды қайта тірілткенде;
- б) бес мың адамды тамақтандырғанда;
- в) жел мен толқындарды Өзіне бағындырғанда.

2. Исраилдіктер төмендегілер арқылы әлемді Иса Мәсіхтің келуіне дайындады:

- а) халыққа ақиқат туралы хабарды жеткізумен;
- ә) өркениеттің бізді қанағаттандыра алмайтынын көрсетумен;
- б) біздің аса зор қажеттіліктерімізді байлықтың қанағаттандыра алмайтынын дәлелдеумен;
- в) биліктің бізді бақытты ете

алмайтынын көрсетумен. \_\_\_\_\_

3. Құдай Исаның:

- а) Иерусалимде;
  - ә) Бетлехемде;
  - б) Назаретте;
  - в) Қапарнаумда дүниеге келетінін алдын ала білдірді.
- \_\_\_\_\_

4. Исаның шынайы әкесі:

- а) Жүсіп болды;
  - ә) Құдай болды;
  - б) құпия болып қала беруде;
  - в) кезінде белгілі болған еді, бірақ қазір ұмытылған.
- \_\_\_\_\_

5. Иса Мәсіх:

- а) ешқашан сыналған емес;
  - ә) сыналды, бірақ көп күнә жасаған жоқ;
  - б) ешқашан күнә жасаған жоқ;
  - в) Өзін құтқаратын Құдайдың қасынан алыс жүрді.
- \_\_\_\_\_

6. Иеміз Иса:

- а) туған кезінен бастап бар болды;
  - ә) туған кезінің қарсаңынан бастап бар болды;
  - б) Құдай Өзін жаратып, Оны «Сөз» деп атаған кезден бар болды;
  - в) әрдайым бар болды.
- \_\_\_\_\_

7. Құдайдың төменде көрсетілген атақтарының қайсысы Ишая 9:6 аятта берілмеген:

- а) Құдіретті Құдай;
  - ә) Ізгі Бағушы;
  - б) Мәңгілік Әке;
  - в) тыныштық пен амандықты сыйлайтын Әмірші.
- \_\_\_\_\_



8. Иса Өзін Құдайдың рухани Ұлымын деп жариялағанын естігенде бас діни қызметкер шапанының өңірін айыра жыртты. Өйткені:

- а) Исадан қызғанды;
- ә) ол Исаның өтірік айтып тұрғанын білді;
- б) ол Исаның Өзін Құдаймын деген пайымдауын қабылдамай, жоққа шығарды;
- в) қатты ашуланды.

\_\_\_\_\_

9. Исаның айтуы бойынша тек Құдайға ғана құлшылық ету қажет. Дегенмен Ол шәкірттерінің Өзіне табынуына жол берді. Ол айрықша өмір сүрді. Бұл деректер Оның:

- а) Өзі туралы теріс пікірде болғанын;
- ә) Өзін Құдай етіп көрсеткенін;
- б) адамдарды әдейі алдағанын;
- в) шынайы Құдай болғанын дәлелдейді.

\_\_\_\_\_

10. Рим. хат 1:4 аятта айтылғандай Иса Мәсіхтің Құдайдың рухани Ұлы болғандығының ең басты дәлелі мынау болып табылады:

- а) Оның пәк қыздан туылуы;
- ә) Оның ғажайып өмірі;
- б) Оның өлімнен қайта тірілуі;
- в) Оның көкке көтеріліп кетуі .

\_\_\_\_\_

**Сіз бұл жайында не дейсіз?**

Иса Мәсіх Кім болды? (Өз жауабыңызды дәлелдеңіз?)

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

## ЕКІНШІ САБАҚ

1. Інжіл шарифте мынау баяндалған:

- а) Исаның өмірінің, Оның айтқандары мен істегендерінің тек шағын бөлігі ғана;
  - ә) Исамен не болғандығының бәрі және Оның айтқандарының бір бөлігі;
  - б) Оның айтқандарының бәрі, бірақ істегендерінің бір бөлігі ғана;
  - в) Исаның істегендері мен айтқандарының бәрі.
- 

2. Иерусалим қаласындағы ғибадатханадан тапқан кездегі он екі жасар Исаның анасына айтқаны Оның:

- а) Жүсіптің Өзінің әкесі екеніне сенгенін білдіреді;
  - ә) Өзінің Құдайдың рухани Ұлы екенін білгенін білдіреді;
  - б) Өзінің дүниеге келу дерегіне күмәнданғанын білдіреді
  - в) Осы дүниеге өте маңызды мақсатты жүзеге асыру үшін келгендігін Өзінің ұқпағанын білдіреді.
- 

3. Иеміз Иса осы әлемге мынау үшін келдім деді:

- а) бізге толымды өмір беру үшін;
  - ә) адасқандарды іздеп, құтқару үшін;
  - б) жоғарыдағы екі бапта айтылғандарды істеу үшін;
  - в) жоғарыда айтылғандардан ештеңе де істемеу үшін.
- 

4. Исамен кездеспес бұрын Пауыл көрнекті діни жетекші болды. Иеміз Иса оның өмірін өзгертті. Кейінірек Пауыл өзін былай деп санады:

- а) киелілер арасындағы басшы;
  - ә) Мәсіхтің шәкірттерінің басшысы;
  - б) Ұлы күнәкар;
  - в) яһудилердің жетекшісі.
-

5. Киелі жазба жыныстық қатынасты, күнәні, қылмысты және жасөспірімдердің мойынсұнбауын мынаның нәтижесі деп қарайды:

- а) Құдайды теріске шығарудың;
- ә) жаман ортаның;
- б) кедейлік пен өзгелерден артықшылықтың (привилегия) жетіспеушілігінің;
- в) білімнің жетіспеушілігінің . \_\_\_\_\_

6. Киелі жазбада айтылғандай, күнә -

- а) өтірік айту мен бейпіл ауыздық;
- ә) ұрлық пен қоғамға жат мінез-құлық;
- б) жаман ойлар мен жаман іс-әрекеттер;
- в) Құдайды теріске шығару. \_\_\_\_\_

7. Киелі жазбаға сай, күнәкарлар -

- а) түрмеге жабу жазасына лайықты қылмыс жасағандар;
- ә) адамгершілікке жат жыныстық қатынас жасап айыпталғандар;
- б) Исаға сенушілердің қауымына анда-санда барып тұратындар;
- в) адамдардың қаншалықты діндарлығына немесе әділдігіне қарамастан барлығы да. \_\_\_\_\_

8. Төмендегі пайымдаулардың қайсысы дұрыс?

- а) Осы сабақты оқып-үйреніп жүрген сіз ешқашан күнә жасаған жоқсыз;
- ә) Осы сабақты (жан-жақты) зерттеп дайындаған адам ешқашан күнә жасамаған;
- б) Иса ешқашан күнә жасамаған;
- в) Кейбір адамдар ешқашан күнә жасамайды. \_\_\_\_\_

9. Иса мынау үшін құрбан болды.

- а) Көктегі Әкесіне қайтып бару үшін;
- ә) ұлы мақсат үшін қалай өлудің үлгісін

- бізге көрсету үшін;  
б) жаңа дінді бастау үшін;  
в) күнәкарлардың Құдайға қайта оралуын мүмкін ету үшін.
- 

### **Сіз бұл туралы не айтасыз?**

Сіз күнәдан құтқарылуға мұқтажсыз ба? (Жауабыңызды дәлелдеңіз)

---

---

---

---

---

---

### **ҮШІНШІ САБАҚ**

1. Біз Құдайдан құтқарылуды қабылдай аламыз, егер:
- а) сенушілер қауымының мұқтажы және қайырымдылық іс-шаралары үшін көп мөлшерде ақша беретін болсақ;
  - ә) осы дүниелік іс-әрекеттерден бас тартып, киелі жерге оқшаулансақ;
  - б) Иса Мәсіхпен жеке қарым-қатынаста болсақ;
  - в) дұрыстап мінажат етіп, Құдайға құлшылық ету қызметіне қатысатын болсақ.
- 
2. Ефес. хат 2:8-9 аяттарға сай біз құтқарылдық, өйткені:
- а) ізгі істер жасауымыз арқылы Құдайдың құтқаруына лайықтымыз;
  - ә) ол ізгі істеріміздің арқасында емес, сенімнің арқасында;
  - б) бізді құтқаратын сенушілер қауымының мүшелеріміз;

в) әділ өмір сүруімізбен соған  
лайықтымыз. \_\_\_\_\_

3. Біз құтқарылдық:

- а) құтқарылу сыйын алу арқылы;
- ә) марапатталуымыз арқылы;
- б) төлем ақы алуымыз арқылы;
- в) сыйлық алуымыз арқылы. \_\_\_\_\_

4. Иса Өзін мынауын деді:

- а) адамды Құдайға әкеле алатын  
біразырық жолдың біреуімін;
- ә) адам Құдайға келе алатын ең  
жақсы жолмын;
- б) адамды Құдайға апаратын  
жалғыз жолмын;
- в) адамды Құдайға апаратын  
жол емеспін. \_\_\_\_\_

5. Иса біздің Өзіне сенуімізді мүмкін етті, өйткені Ол:

- а) Өзіне сенгендердің бәрін қабылдайды;
- ә) өлімнен қайта тіріліп, мұны көптеген  
адамдарға дәлелдеді;
- б) Киелі кітапты жазды;
- в) Өзіне мойынсұнбағандардың  
бәрін өліммен жазалайды; \_\_\_\_\_

6. Біз мынаған сенім артқанда, әдеттегі сенім құтқаратын  
сенімге айналады:

- а) өзіміздің игі істерімізге;
- ә) қауымға;
- б) киелілерге;
- в) Иса Мәсіхке. \_\_\_\_\_

7. Құдайды адаммен байланыстыратын жалғыз тұлға,  
бұл:

- а) сенушілер қауымы;
- ә) киелілердің біреуі;
- б) Иеміз Иса Мәсіх;

в) Жәбірейіл періште. \_\_\_\_\_

8. Құдайдың шынайы рухани баласы болу үшін біз мынаны істеуге тиіспіз:

- а) Иеміз Иса Мәсіхке сенуге;
- ә) сенушілер қауымының мүшесі болуға;
- б) жанымыздағы адамдарға мейірімді болуға;
- в) суға шомылу рәсімінен өтуге. \_\_\_\_\_

9. Жохан. 1-хаты 5:11-13 аяттар бойынша, біз:

- а) құтқарылғанымызды біле алмаймыз;
- ә) мәңгілік өмірге қатысты куәліктер жоқ;
- б) құтқарылу үшін бізге Мәсіхтің қажеті жоқ;
- в) құтқарылғанымызды біле аламыз. \_\_\_\_\_

10. Қорынт. 1-хат 15:3 аят бойынша, адамның кешірімге мұқтаждығына Құдайдың берген жауабы қандай?

- а) сенушілер қауымының мүшесі болу;
- ә) суға шомылу рәсімінен өту;
- б) қажылыққа бару;
- в) Иса Мәсіхтің айқыштағы құрбандық өлімі. \_\_\_\_\_

## **Менің жеке жауабым**

Қағаз бетінің төменгі жағына әрбір студент құтқарылуы жайлы өзінің пікірін жазуына болады. Осы сұраққа жауап беріп соңғы жұмысыңызбен бірге салып жіберіңіз. Бұл сұрақтарға жауап бермес бұрын сізге мынаны жауапкершілікпен ұғыну қажет: егер сіз Құдайдың рухани Ұлын қабылдасаныз, онда Құдайдан мәңгілік ажырауды таңдағаныңыз.

Тек біреуін ғана таңдаңыз:

1. Иса Мәсіхті өзімнің жеке Құтқарушым ретінде қабылдап, осы сабақтарды бізге бастамастан бұрын-ақ мен қайта туылдым.

2. Осы сабақтарды оқу барысында мен Иеміз Иса Мәсіхті сеніммен қабылдадым.

3. Дәл қазір мен Иса Мәсіхті Құтқарушым деп қабылдаймын.

4. Исаға сенуші болуға қызығушылық танытамын, алайда төмендегі сұрақтар бойынша қосымша мәліметтер алғым келеді.

---

---

---

---

5. Менде Иса Мәсіх арқылы құтқарылуға деген жеке басымның сенімі әлі де жоқ.

Сіздің аты-жөніңіз

---

---

Егер сұрақтар туындайтын болса, мына мекенжаймен хабарласыңыз: \_\_\_\_\_

---

---

---

---

Барлық сұрақтарға жауап беріп болғаннан кейін дәптерді оның келесі жағында жазылған мекенжайға салып жіберіңіз.

Жауаптарыңыз жазылған дәптердің ең басына өзіңіздің

толық мекенжайыңызды мұқият және айқын жазумен жазып қойыңыз.

**Свет на востоке**  
**“Эммаус”**  
**а/я - 68**  
**г. Алматы**  
**КАЗАХСТАН**  
**050031**  
**e-mail: emmaus-ca@eemail.org**

Төменде Эммаус кітаптарын оқығысы келетін жақын туыстарыңыз бен достарыңыздың немесе таныстарыңыздың мекенжайларын жазып жіберуіңізге болады.

Толық аты-жөні .....

Индексі .....

Мемлекет .....

Облыс .....

Аудан .....

Қала \Ауыл .....

Көше .....

Үй .....

Пәтер .....

Толық аты-жөні .....

Индексі .....

Мемлекет .....

Облыс .....

Аудан .....

Қала \Ауыл .....

Көше .....

Үй .....

Пәтер .....